

Ойын әрекеті мектеп жасына дейінгі баланы дамытудың құралы» ата-аналарға арналған консультация.

Ойын – мектеп жасына дейінгі баланың негізгі іс-әрекеті. Бала ойын арқылы қоршаған ортаны танып, өз ойын еркін жеткізуді, адамдармен қарым-қатынас жасауды және әртүрлі жағдайларда шешім қабылдауды үйренеді. Ойын барысында баланың танымдық қабілеті, сөйлеуі, есте сақтау қабілеті, қиялы, шығармашылығы және ұсақ әрі ірі моторикасы дамиды. Сонымен қатар ойын баланы ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, достыққа, өзара көмек көрсетуге тәрбиелейді.

Ойынның бала дамуына әсері:

Танымдық дамуы: ойлау, есте сақтау, зейін қалыптасады.

Сөйлеу қабілеті: сөздік қоры молайып, өз ойын жеткізуге үйренеді.

Шығармашылығы: қиялы мен елестету қабілеті дамиды.

Әлеуметтік дағдылары: құрдастарымен қарым-қатынас жасауды үйренеді.

Дене дамуы: қимыл-қозғалысы, ептілігі мен үйлесімділігі жетіледі.

Эмоциялық дамуы: өз сезімін білдіруді және басқалардың сезімін түсінуді үйренеді.

Ата-аналарға кеңес: Балаға ойын кезінде еркіндік беріп, оның қызығушылығын қолдау маңызды. Бірге ойнау арқылы ата-ана баламен жақын қарым-қатынас орнатады. Ойыншықтарды баланың жасына сай таңдап, қимылды, шығармашылық және танымдық ойындарды кезектестіріп отырған дұрыс.

Ойын – баланың жай ғана көңіл көтеру құралы емес, оның жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды тәрбие мен білім беру құралы.